| §2. Өтінімгердің құқықтары мен міндеттері .....  | 25 |
| §3. Қарыз алушының құқықтары мен міндеттері .....  | 26 |
| 7-тарау. Берілетін шағын кредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақыны есептеу ережелері..... | 27 |
| 8-тарау. Құпиялылық .....  | 28 |
| 9-тарау. Өзге ережелер .....   | 28 |



## 1-тарау. Негізгі ережелер

1. Осы микрокредиттер беру туралы Қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (бұдан әрі – ҚР АҚ), Қазақстан Республикасының «Микроқаржылық қызмет туралы» Заңына (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ «Бірінші кредиттік компания» МҚҰ» ЖШС (бұдан әрі – МҚҰ) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді, және жеке тұлғаларға микрокредиттер беру тәртібі мен шарттарын, әрі оларға қызмет көрсету шарттарын айқындайды, микроқаржылық ұйым құрылған күннен бастап өз күшіне енеді және микрокредит беру туралы Келісім-шарттың ажырамас бөлігі болып табылады

2. Қағида мәтінімен мұқият танысыңыз, егер Сіз оның қандай да болмасын талабымен келіспейтін болсаңыз, Сізге Қарыз шартын бекітуден бас тарту ұсынылады.

3. Осы Қағидалар МҚҰ микрокредиттер беру операцияларын жүргізуді реттеу мақсатында жасалған.

4. Осы Қағидалар ашық ақпарат болып табылады және олар коммерциялық құпия мәні бола алмайды. Бекітілген Қағидалар көшірмесі <https://akshahana.kz> сайтына орналастырылады.

5. Осы қағидаларда келесі анықтамалар пайдаланылады:

1. «Қазпошта» АҚ – МҚҰ ресми серіктесі, оның бөлімдері арқылы қарыз сомасын алуға және Қарыз шарты бойынша міндеттемелерді өтеуге болады;
2. Сәйкестендіру – клиенттің, электрондық хабарламалар мен өзге құжаттардың, соның ішінде микредит беру үшін қажетті құжаттардың электрондық көшірмелерін, сондай-ақ клиент пен оның ерігінің мазмұнының түпнұсқалығын, шынайылығын тексеру процедурасы;
3. Сыйақы – Микрокредит беру туралы Шарт талаптарына және МҚҰ белгілеген өтеу тәртібіне сәйкес, микредит бергені үшін негізгі берешекке пайызбен өрнектеліп анықталған төлем;
4. Микрокредит беру туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) – МҚҰ Қарыз алушы меншігіне ақша беретін, ал қарыз алушы МҚҰ-на негізгі борыш сомасын уақтылы қайтару мен сол бойынша сыйақыны төлемділік, мерзімділік және қайтарымдылық жағдайында міндеттенетін шарт;
5. Қарыз алушы – МҚҰ-мен шарт бекіткен жеке тұлға;
6. Өтінімгер – МҚҰ-на микрокредит алу үшін Өтініш берген жеке тұлға;
7. Өтініш – МҚҰ белгілеген нысанда рәсімделген осы Қағидаларда баяндалған талаптарға сәйкес Өтінімгердің Шарт бекіту туралы ұсынысы не микрокредит мерзімін ұзарту туралы ұсынысы;
8. Сәйкестендіргіш – клиенттің жеке кабинетке кіруі үшін берілетін сандық, әріптік немесе өзге символдары бар код;
9. Карта – Шартқа және осы Қағидаларға сәйкес Қарыз алушыға Микрокредит сомасы аударылатын жеке банк картасы (банк картасының нөмірі);
10. БЖК – борыш жүктемесінің коэффициенті.
11. Клиент – МҚҰ-мен микрокредит алу туралы Шарт бекіткен немесе микрокредит алуға өтініш берген (беруге ниеттенген) жеке тұлға;
12. Кредиттік дерекнама – МҚҰ-да әрбір Қарыз алушыға қалыптастырылатын құжаттар мен мәліметтер;
13. Кредиттік скоринг – Өтінімгердің / Қарыз алушының кредит қабілетін (кредит тәуекелдерін) бағалайтын автоматтандырылған жүйе;
14. Жеке кабинет – БҚҰ мен клиент арасында микрокредиттер беру аясында электрондық тәсілмен өзара әрекетті қамтамасыз ететін көп функционалды қорғалған сервис;
15. Микрокредит – МҚҰ-ның Шартпен, Қазақстан Республикасының заңнамасымен және МҚҰ ішкі нормативтік құжаттарымен анықталған мөлшерде және тәртіпте, ақылық, мерзімділік және қайтарылымдық талаптарымен Қарыз алушыға Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен берілетін ақша денгi, предоставляемые МФО Заемщику в национальной валюте Республики;

16. Көп факторлы сәйкестендіру – екіден кем емес әртүрлі параметрлерді, соның ішінде құпиясөздерді немесе сәйкестендіретін белгілерді (токендерді, смарт-карталарды, бір реттік құпиясөздерді және биометриялық параметрлерді) қолдана отырып жүргізілетін сәйкестендіру;
17. Ұялы қосымша – абоненттік ұялы байланыс құрылғысында пайдаланылатын және жеке кабинетке немесе интернетке ұялы байланыс арқылы кіруге мүмкіндік беретін бағдарламалық өнім;
18. Негізгі борыш – Шартқа сәйкес қарыз алушыға берілетін микрокредит сомасы;
19. Сайт – МҚҰ-ның <https://akshahana.kz> мекенжайына орналастырылған интернет-парағы;
20. МҚҰ-ның уәкілетті тұлғасы – берілген өкілеттіліктер аясында және МҚҰ бекітілген өкімдік және ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес микрокредиттеу бойынша шешім қабылдайтын МҚҰ жұмыскері;
21. Телеграм (Telegram) – хабарлармен және медиафайлдармен алмасуға мүмкіндік беретін кроссплатформалы мессенджер.

## **2-тарау. «Бірінші Несиелік Компания» МҚҰ» ЖШС микронесие беруге қойылатын жалпы талаптары**

### **§1 Қарыз алушыларға қойылатын жалпы талаптар**

6. МҚҰ Қарыз алушылары:
  - Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты тіркелген;
  - Өтінішті ресімдеу мезетінде 21 жасқа толған және 90 жастан аспаған;
  - тұрақты табысы бар;
  - Қазақстан республикасының заңнамасына сәйкес әрекетке қабілеттілігі шектелмеген;
  - ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының өз атына тіркелген нөмір бар.

### **§2. Микрокредит беру талаптары**

7. МҚҰ мерзімділік, қайтарымдылық, төлемділік талаптарымен блактік (қамсыздандырусыз) микрокредиттер береді.
8. МҚҰ микрокредиттерді Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен – теңгемен береді.
9. МҚҰ беретін микрокредиттер бойынша келесі талаптар қолданылады:
  - Микрокредит сомасы: ең азы – 20000 теңге; ең көбі – 153 000 теңге;
  - Микрокредит мерзімі: 25 күн;
  - Сыйақы мәні: ең аз – микрокредит сомасының 5%; ең көп – микрокредит сомасының 25%;
  - Микрокредит мерзіміне күніне 1% сыйақы тағайындалады;
  - Тұрақсыздық айыбы: күніне 0,5%. Кідірілген бірінші күннен бастап орындалмаған міндеттемелер сомасынан есептеледі;
  - Өтеу тәртібі: бір рет, микрокредит мерзімі біткен күні;
  - Қарыз алушының барлық төлемдерінің сомасы, оған сыйақы мен тұрақсыздық айыбын қоса, бір Негізгі борыштан артық болмау керек;
10. Микрокредитті толық мерзімінен бұрын да, сондай-ақ ішінара мерзімінен бұрын да өтеуге рұқсат етіледі.
11. Шарт әрекет ету мерзімін ұзарту (арттыру) бір Негізгі борышты есептеуге жеткен мезетке дейін кез келген мерзімде болады. Шарттың әрекет ету мерзімін ұзарту (арттыру) талабы Қарыз алушының микрокредитті нақты пайдаланған күндері үшін сыйақыны төлеу болып

табылады. Шарттың әрекет ету мерзімін ұзарту (арттыру) Тараптардың қосымша келісімге қол қоюы арқылы жүзеге асырылады, төлем мерзімі 25 күн мерзімге жылжытылады.

### **3-тарау. Микрокредит беру тәртібі**

#### **§1. Микрокредит беру кезеңдері**

12. МҚҰ Микрокредиттерді келесі дәйектілікпен береді:
  1. Өтінімгерді осы Қағидалармен таныстыру және олармен келісу;
  2. Өтінімгердің микрокредит алу туралы Өтініш ресімдеуі;
  3. Өтінімгердің Өтінішті қарау үшін қажетті құжаттар тізбесін беруі;
  4. Өтінімгердің кредит қабілеттілігін, оған қоса БЖК бағалау, сондай-ақ келесі тәуекелдерді: кредиттік, заңды және қауіпсіздік тәуекелдерін бағалау;
  5. Микрокредит беру туралы / микредит беруден бас тарту туралы шешім қабылдау;
  6. Шартқа (оған тіркелген өтеу графигіне), сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасы мен МҚҰ ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес басқа қажетті құжаттарға қол қою;
  7. Микрокредит беру.

#### **§2. Микрокредит алу үшін Өтініш беру және оны қарау тәртібі. Шарт бекіту**

13. Шарт көп факторлы сәйкестендіру арқылы немесе Қарыз алушының әдейілеп қол қоюы арқылы бекітіледі.
14. Өтінішті Өтінімгер МҚҰ бекіткен нысанда толтырады.
15. Шарттың қалап отырған сомасын Өтінімгер өз бетімен көрсетеді
16. Өтінімгер Өтінішті беру тәсілін өз бетімен таңдайды:
  - Лжеке өзі МҚҰ кеңсесінде беруі;
  - Тегін телефон бойынша 8-800-070-55-35;
  - Сайттағы немесе Қосымшадағы Жеке кабинетте;
  - Телеграм (Telegram) мессенджерінде.
17. Жеке кабинетте Өтініш беру үшін, Өтінімгер Сайтқа тіркелу керек немесе жеке абоненттік құрылымына Қосымша орнату керек;
18. Микрокредит алу мақсатында Өтінімгер келесі әрекеттерді орындау керек:
  1. Өтінішті өзі немесе МҚҰ өкілінің көмегімен толтыру О;
  2. МҚҰ сұранысы бойынша Өтінімгер бойынша ұйымнан / ұйымға (кредиттік бюро, «Азаматтарға арналған үкімет» МК» ҰАҚ, «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ) ақпарат беруге/алуға Келісімді МҚҰ белгілеген тәсілдермен беру;
  3. Қажет болған ажғдайда, МҚҰ ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес өзге қосымша құжаттар беру;
  4. МҚҰ-на келесі ақпаратты беру: фамилиясы, аты, әкесінің аты; жынысы; туылған мерзімі; ЖСН; отбасылық жағдайы, кәмелеттік жасқа толмаған балалар саны; жеке куәлігінің деректері (нөмірі, туған жері, ұлты, кім дерген, берілген мерзімі, әрекет ету мерзімі); жұмысбастылығы туралы мәліметтер (жұмыс орны, жұмыс орнының мекенжайы, мамандығы, айлық табысының мөлшері; жұмыс өтілі, келесі еңбекақы мерзімі); нақты тұратын жерінің мекенжайы; тіркелген мекенжайы; жеке телефонының нөмірі; үй телефонының нөмірі (болған жағдайда); жұмыс орнының телефоны (болған жағдайда); электрондық пошта; кем дегенде екі байланыс тұлғасының телефон нөмірі.
19. Микрокредит алу тәсілін Өтінімгер өз бетімен таңдайды:
  - МҚҰ кеңсесінде қолма-қол ақшалай;
  - «Қазпошта» АҚ бөлімшесінде қолма-қол ақшалай;
  - Қолма-қол ақшасыз, Картаға аудару арқылы.

20. Егер Өтінімгер осы Қағидаларда көрсетілген талаптар негізінде Микрокредит алуға келіскен жағдайда, ол өз келісімін МҚҰ-ның Өтінімгер Өтінішті толтырған кезде көрсеткен ұялы телефонының нөміріне Өтінімгерге жіберген арнайы коды арқылы ратсау керек.

21. Өтінімгер мен МҚҰ, микрокредит алу туралы шартты электрондық тәсілмен бекіту Өтінімгердің электрондық сандық қолы арқылы және (немесе) екіден кем емес әртүрлі параметрлерді, соның ішінде құпиясөздерді немесе сәйкестендіретін белгілерді (токендерді, смарт-карталарды, бір реттік құпиясөздерді және биометриялық параметрлерді) қолдана отырып жүргізілетін сәйкестендіру арқылы бекітуге келісті.

22. Алынған деректер негізінде МҚҰ Өтінімгердің кредит қабілеттілігін бағалап, микрокредиттің мүмкін сомасын есептейді.

23. МҚҰ Микрокредит сомасы Қарыз алушыға аударылғанға / берілгенге дейін осы Қағидалар көздеген қызметтер көрсетуге / міндеттемелер алуға міндетті емес.

24. Микрокредит беру немесе Микрокредит беруден бас тарту туралы қабылданған шешім туралы МҚҰ Өтінімгерге кез келген қолжетімді тәсілмен, соның ішінде Өтінімгер Өтініште көрсеткен электрондық пошта және / немесе SMS-хабарлама арқылы хабарлайды.

25. Барлық қажетті құжаттарға Өтінімгер өзі қол қояды немесе Өтінімгердің электрондық сандық қолы арқылы және (немесе) екіден кем емес әртүрлі параметрлер, соның ішінде құпиясөздерді немесе сәйкестендіретін белгілер (токендерді, смарт-карталарды, бір реттік құпиясөздер және биометриялық параметрлер) Пқолдана отырып жүзеге асырылатын көп факторлы сәйкестендіру арқылы қол қояды.

26. Осы шартқа барлық өзгерістер немесе толықтырулар сәйкес қосымша келісімдер арқылы ресімделеді, ол осы Шартбекітуге балама түрде бекітіледі.

27. Берілген микрокредит бойынша қапарат кредиттік бюроға, соның ішінде Қазақстан Республикасының кредиттік бюро мен кредиттік тарихы талыптастыру туралы заңнамасы анықтаған талаптармен мемлекеттік қатысуға да беріледі.

### **§3. Микрокредит беруден бас тарту негіздері**

28. МҚҰ Өтінімгер Өтініште көрсеткен мөлшер мен талаптар негізінде Микрокредит беру немесе Микрокредит беруден бас тарту туралы шешімді Өтінімгерден МҚҰ Өтініш алған күннен бастап 48 сағаттан кешіктірмей қабылдайды.

29. Мақұлдауды Микрокредитті қайтармау тәуекелі қолайлы Өтініштер алады.

30. МҚҰ келесі жағдайларда Өтінімгерге Микрокредит беруден бас тартуға құқылы:

- МҚҰ-да Микрокредит мерзімінде қайтарылмайды деп санауға негіз болған жағдайда, өйткені Өтінімгер берген ақпарат және/немесе МҚҰ-на белгілі болған ақпарат Өтінімгердің мүмкін төлемге қабілетсіздігін және/немесе оның арам ниеттілігін куәлендіреді;
- Өтінімгер туралы деректердің осы Қағидалар белгілеген Микрокредит беру туралы талаптарына сәйкес болмауы;
- Өтінімгер берген ақпарат шынайы емес немесе толық емес;
- Өтінімгерде бұрын берілген Микрокредит үшін МҚҰ алдында төленбеген борышының болуы (соның ішінде Өтінімгер қайта Микрокредит алу үшін өтініш берген кезде өайтару мерзімі бітпеген Микрокредит бойынша борыштары);
- Қажетті құжаттар берілмеген;
- Өтінімгердің кредиттік тарихында Өтінімгердің үшінші тұлғалар алдында өз міндеттемелерін дұрыс орындамағаны туралы мәліметтер бар.

### **§4. Микрокредит беру**

31. МҚҰ Өтінімгерге Микрокредит беру туралы оң шешім қабылдаған жағдайда, МҚҰ Қарыз алушыға Микрокредитті Өтінімгер таңдаған Микрокредит алу тәсіліне байланысты береді.

32. Микрокредит бір рет беріледі.

33. Қарыз алушы, Микрокредитті қолма-қол ақшасыз Картаға аудару арқылы берген жағдайда:

- МФҰ Қарыз алушыға Микрокредитті Өтінімгердің картасына МФҰ бекіткен Микрокредит Сомасын аудару арқылы береді;
- Ақша аударуды МҚҰ Микрокредит беру туралы оң шешім қабылдаған күннен бастап МҚҰ 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізетіндігіне;
- Өтінімгерге ақша беру мезеті болып Микрокредит сомасы Өтінімгер Картасына аударылған уақыт танылатындығына;
- Микрокредит сомасын аудару Шартты бекіткен мерзім болып табылатындығына келіседі.

Өтінімгер, Микрокредит алу үшін көрсеткен банк картасы Өтінімгер атына берілгеніне Visa немесе MasterCard компаниялары шығарғанына, және келесі шектеулердің бірде-біреуі жоқ екендігіне кепілдік береді:

- Зейнетақы мен жәрдемақы алуға арналған карталар;
- Корпоративтік және бизнес-карталар;
- Банк-эмитент бұғаттап тастаған карталар;
- Алдын ала төленген карталар (prepaid);
- American Express, UnionPay, Altyn карталары;
- Картаны шығарған банк тарапынан өзге шектеулері бар.

34. Микрокредит МҚҰ кеңсесінде қолма-қол ақшалай берілген жағдайда, Қарыз алушы:

- МҚҰ Микрокредитті Қарыз алушыға МҚҰ кез келген кеңсесінде қолма-қол ақшалай арқылы беретіндігіне;
- Қарыз алушы МҚҰ Өтінімгерге Микрокредит беру туралы оң шешім қабылдағаннан бастап 33 күн ішінде Микрокредитті ала алады. Осы мерзім біткеннен кейін Өтінімгер жаңа Өтініш толтыру керек екендігіне;
- Өтінімгерге ақша беру мезеті ол МҚҰ-ның шығыс касса ордеріне қол қойған уақыт болып танылатындығына келіседі.

35. Қарыз алушы Микрокредитті «Қазпошта» АҚ бөлімшесінде қолма-қол ақшалай алған жағдайда:

- МҚҰ Микрокредитті Қарыз алушыға қолма-қол ақшалай беру қызметі бар «Қазпошта» АҚ кез келген кеңсесінде қолма-қол ақшалай беру тәсілімен беретіндігіне МҚҰ кез келген кеңсесінде қолма-қол ақшалай арқылы беретіндігіне;
- МҚҰ Микрокредит беруге кедергі болатын «Қазпошта» АҚ кеңсесіндегі техникалық мәселелер үшін жауап бермейтіндігіне;
- Қарыз алушы МҚҰ Микрокредитті МҚҰ Өтінімгерге Микрокредит беру туралы оң шешім қабылдаған күннен бастап 30 күн ішінде ала алатындығына. Осы мерзім біткеннен кейін Өтінімгердің жаңа Өтініш толтыру керек екендігіне;
- Өтінімгерге ақша беру мезеті ол «Қазпошта» АҚ-ның шығыс касса ордеріне қол қойған уақыт болып танылатындығына келіседі.

## §5. Кредиттік дерекнама қалыптастыру

36. МҚҰ-да Кредиттік дерекнама қарыз алушы осы МҚҰ-нан Микрокредит алу туралы бірінші Шартқа қол қойған күні ашылады.

37. Кредиттік дерекнама қағаз тасымалдағышта және (немесе) электрондық түрде жасалады.

38. Кредиттік дерекнама құжаттарын сақтау Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 263 «Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесін бекіту туралы» бұйрығының талаптарына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15997 болып тіркелген) сәйкес орындалады.

39. Кредиттік дерекнамада келесі құжаттар болу керек:

1. өтініш;
2. өтінімгер тұлғасын куәлендіретін құжат
3. микрокредит беру туралы шартқа қол қою үшін өтінімгер өкілінің өкілеттілігін растайтын құжаттар (өтінімгер өкілі үшін);
4. қарыз алушының борыш жүктемесінің коэффициентін есептеу үшін қажетті құжаттар мен ақпарат;
5. микрокредит беру туралы шарт;
6. микрокредит беру туралы шартқа қосымша келісім;
7. микроқаржы ұйымы мен қарыз алушы арасындағы хаттар;
8. микрокредит беру туралы шартты толық немесе ішінара төлегенін растайтын құжаттар (немесе олардың көшірмелері), олар микрокредитті өтеу көзін көрсетеді (қарыз алушы аударған ақша);
9. кредиттік тарих субъектісінің ол туралы кредиттік бюроға ақпарат беруге келісімін алғанын пайстайтын ақпарат;
10. кредиттік тарих субъектісінің кредиттік есеп алушыға кредиттік есеп беруге келісімін алғанын растайтын ақпарат.

#### **4-тарау. Мерзімі кешіктірілген борышпен жұмыс**

40. Қарыз алушы микрокредит бойынша төлем графигін сақтамаған жағдайда, оған 2-тараудың 2 параграфы 9-тармағында көрсетілген микрокредит беру талаптарына сәйкес тұрақсыздық айыбы есептеледі.

41. Қарыз алушыда микрокредит бойынша мерзімі кешіктірілген төлемдер болған жағдайда, МҚҰ борышты қайтару жұмысын келесілер арқылы жүзеге асырады:

- SMS–хабарламалар;
- электрондық пошта арқылы хабарлау;
- телефонға ақпараттық қоңырау шалу;
- Қарыз алушымен жекелей кездесу және әңгіме өткізу;
- микрокредит бойынша борышты сот тәртібінде өндіру;
- микрокредит бойынша құқықтарын үшінші тұлғаларға беру;
- Қазақстан Республикасының заңнамасы тыйым салмаған өзге әдістер.

#### **5-тарау. Микрокредиттерді өтеу, Шартты мерзімінен бұрын бұзу тәртібі**

##### **§1. Микрокредиттерді өтеу әдістері**

42. Бір рет, микрокредит мерзімі біткен күні;

##### **§2. Микрокредиттер бойынша төлемдер жасау тәртібі**

43. Негізгі борыш, есептелген сыйақы бойынша төлемдерді Қырыз алушы белгіленген мерзімде толық көлемде жүргізу керек и.

44. Қарыз алушы микрокредитті өтеу бойынша төлемдерді (ол бойынша сыйақыларды, тұрақсыздық айыбын қоса) келесі тәсілдермен жүргізеді:

- МҚҰ кеңселерінде қолма-қол ақшалай;
- «Қазпошта» АҚ бөлімшелерінде қолма-қол ақшалай;
- QIWI терминалдары арқылы қолма-қол ақша салу арқылы;
- қолма-қол ақшасыз Картаға аудару арқылы;
- қолма-қол ақшасыз МҚҰ банк шотына ақша аудару арқылы.

45. Қысқа мерзімді микрокредит беру туралы Шарт бойынша Қарыз алушы аударған ақша сомасы, егер ол Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерін орындауына жетпейтін болса, Қарыз алушы борышты келесі кезектіліпен өтейді:

- Шарт белгілеген мөлшердегі тұрақсыздық айыбы;
- сыйақы бойынша борыш;
- негізгі қарыз бойынша борыш.

46. Қарыз алушы Шарт бойынша кез келген төлем сомасын (толығымен немесе ішінара) кідірткен жағдайда, МҚҰ ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес сыйақы мен тұрақсыздық айыбын есептеуді тоқтата тұруға құқылы. Бұл ретте Қарыз алушы қандай да болмасын соманы төлеу бойынша міндеттемелерін орындау барысында (ішінара орындау). Қарыз алушының міндеттемелерін анықтау, егер МҚҰ өзгені анықтамаса, Шарт талаптарына сәйкес тоқтата тұру есепке алынбастан жүргізіледі.

### **§3. Микрокредиттер бойынша жоспардан тыс төлемдер жүргізу тәртібі**

47. Кредит үрдісі аясында:

- толық мерзімінен бұрын өтеуге
- ішінара мерзімінен бұрын өтеуге болады.

48. Қарыз алушы толық мерзімінен бұрын өтеу үшін салған ақшасы жеткілікті болған жағдайда, МҚҰ Шартты жабады.

49. Борыш ішінара өтелген жағдайда, келесі шаралар жүргізіледі:

- Негізгі борыш сомасы азайтылады;
- Осы Қағидалардың 20-21 тт. сәйкес, МҚҰ Қарыз алушымен бірге Шартқа жаңа өтеу графигі бар қосымша келісімге қол қояды;

## **6-тарау. Микрокредиттеуге қатысушылардың құқықтары мен міндеттері**

### **§1. МҚҰ құқықтары мен міндеттері**

50. МҚҰ-ның міндеттері:

1. орналасқан орны өзгерген не атауы өзгерген жағдайда, ол туралы Өтінімгерлерге / Қарыз алушыларға сәйкес ақпаратты қазақ және орыс тілдерінде МҚҰ орналасқан орнында екі баспаға қазақ және орыс тілдерінде жариялау арқылы, сондай-ақ Өтінімгердің / Қарыз алушының – жеке тұлғаның заңды мекенжайына не әрбір Өтінімгерге / Қарыз алушыға осындай өзгерістер енгізілген мерзімнен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жазбаша хабарлама беру арқылы хабарлау;
2. Микрокредиттер беру қағидаларының көшірмесін қарыз алушы (өтінімгер) танысу үшін көру мен танысу үшін қолжетімді жерге орналастыру, сондай-ақ МҚҰ Сайтына салу;
3. Өтінімгерге / Қарыз алушыға микрокредит алуға, қызмет көрсетуге және өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы толық және шынайы ақпарат беру;
4. Қарыз алушыға (өтінімгерге) микрокредит алуға байланысты оның құқықтары мен міндеттері туралы ақпарат беру;
5. Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» заңына сәйкес қаржы мониторингі бойынша уәкілетті органға мәліметтер беру;
6. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес микрокредит беру құпиясын сақтау;
7. Қарыз алушыны қарызды төлеу мерзімі өткен күннен бастап жиырма күнтізбелік күн ішінде хабардар ету қажет:
  - Шартқа сәйкес міндеттемені орындау бойынша мерзімнің өткенін хабарлау және хабарламада көрсетілген күні мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, төлемдер енгізу қажеттігі туралы;

- шарт бойынша қарыз алушының ұйымға жүгіну құқығы туралы;
- қарыз алушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары туралы.

Егер хабарлама борышкерге мынадай тәсілдердің бірімен жіберілсе, ол жеткізілген болып есептеледі:

- Шартта көрсетілген электрондық пошта мекенжайына жіберілсе;
  - Шартта көрсетілген тұрғылықты жері бойынша оның табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен жіберілсе, оның ішінде көрсетілген мекенжайда тұратын отбасының кәмелетке толған мүшелерінің бірі алған болса;
  - жеткізуді тіркеуді қамтамасыз ететін басқа байланыс құралдарын қолдану арқылы орындалса.
8. Шарт талаптарына өзгертулер енгізу туралы Қарыз алушының өтінішін алған күннен кейін оны күнтізбелік он бес күн ішінде қарастыру және Қарыз алушыға жазбаша түрде немесе шартта көрсетілген электрондық пошта мекенжайына келесі туралы хабарлау:
- шарт талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісу;
  - берешекті реттеу бойынша өз ұсыныстарын айту;
  - дәлелді негіздемелер көрсете отырып, шарт талаптарын өзгертуден бас тарту.
9. Қазақстан Республикасының заңнамасы, құрылтай құжаттары мен бекітілген Шарт талаптары белгілеген өзге талаптарды сақтау.

51. МҚҰ-ның құқықтары:

1. Заңның 9-1 бабы 5 тармақтарында көрсетілген тұлғаға микрокредит беру туралы шарт бойынша құқытарын ( талап етуді) беру;
2. МҚҰ ішкі нормативтік құжататрында айқындалған, микрокредит беру туралы шартты жасау және ол бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді Қарыз алушыдан /Өтінімгерден) сұрату;
3. Қарыз алушыға ссудалық борышты төлеу керектігі туралы, сондай-ақ Қарыз алушыға берілген микрокредитке байланысты басқа шаралар жүргізу қажеттілігі туралы SMS–хабарламалар, Телеграм хабарламалар, электрондық поштаға хаттар жіберу арқылы, телефонға қоңырау шалу арқылы есіне салу;
4. Қарыз алушының келісімі болған жағдайда, Қазақстан Республикасының кредиттік бюро мен кредиттік тарихты қалыптастыру туралы заңнамасы белгілеген тәртіпте және негіздерде, кредиттік тарих қалыптастыру үшін Қарыз алушы туралы кредиттік бюро қызметін жүргізуге құқық беретін лицензиясы бар кредиттік бюроға ақпарат беру;
5. Қарыз алушының келісімі болған жағдайда, кредиттік бюродан, «Азаматтарға арналған үкімет» ҰАҚ мен басқа ұйымдардан ақпарат сұрау/ алу;
6. Қарыз алушының келісімі болған жағдайда, оның дербес деректерін тексеру және өңдеу;
7. Өз қарауы бойынша, Қарыз алушының дербес деректерін жою арқылы оларды өңдеуді тоқтату;
8. Кредиттік бюроға кредиттік тарих субъектісі туралы жағымсыз ақпарат беру және кредиттік бюро берген жағымсыз ақпаратты алу;
9. Қарыз алушыдан бекітілген Шартқа сәйкес қабылданған барлық міндеттемелерді орындауды талап ету;
10. Микрокредит бойынша мерзімі кешіктірілген төлемдер болған жағдайда, осы Қағидалардың 4-тарауына сәйкес жұмыс жүргізу;
11. Қарыз алушыға МФҰ маркетингтік қызметі аясындағы акциялар, жаңа ұсыныстар мен басқа ақпарат туралы SMS–хабарламалар, Телеграм хабарламалар, электрондық поштаға хаттар жіберу арқылы, телефонға қоңырау шалу арқылы мәлімет беру;
12. Қарыз алушы микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындауды кешіктіруге жол берген жағдайда, коллекторлық агенттікті тарту;



13. микрокредит беру туралы Өтінішті қарау кезеңінде микрокредит беруден /Шарт бекітуден бас тарту;
  14. мерзімі кешіктірілген борышты қайтару бойынша жұмыс істеген кезде де, аталмыш әрекеттер туралы Өтінімгерде / Қарыз алушыда ескерту болған жағдайда да кредиттеу үрдісін бақылау, анықтау мақсатында Өтінімгерді / Қарыз алушыны фотоға суретке түсіру, сондай-ақ онымен әңгімелесу барысында аудио және бейне жазбалар жүргізу;
  15. негізгі борышты, сыйақыны және тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоса алғанда, берешекті өндіріп алу кезінде Қарыз алушының өтінішін қарау нәтижелері бойынша берешекті реттеу жөніндегі келісімге қол жеткізілмеген кезде және Қарыз алушы берешек бойынша қарсылықтарды ұсынбаған жағдайда, қарыз алушының келісімін алмай нотариустың атқарушылық жазбасы негізінде жүргізіледі;
  16. нотариустың атқарушылық жазбасы өндіріп алушының өтініші негізінде өндіріп алушының таңдауы бойынша төменде көрсетілген жерлерде жасалуы мүмкін:
    - тіркелген жері бойынша (борышкердің – жеке тұлғаның заңды мекенжайы);
    - борышкердің тұрғылықты жері бойынша (шартты жасау кезінде борышкер көрсеткен жеке тұлғаның нақты мекенжайы);
    - өндіріп алушының және/немесе борышкердің тұрғылықты жеріне, орналасқан жеріне немесе тіркелген жеріне қарамастан, Қазақстан Республикасының кез келген нотариусының орналасқан жері бойынша;
  17. микроқаржылық қызметпен қатар, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы белгілеген шектеулерді ескере отырып, өзге де қызметтерді жүзеге асыру;
  18. Қазақстан Республикасының заңнамасы мен бекітілген Шарт талаптарына сәйкес өзге құқықтар.
52. МҚҰ:
1. сыйақы мөлшерлемелерін (оларды төмендету жағдайларын қоспағанда) және (немесе) микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісін біржақты тәртіппен өзгертуге;
  2. микрокредит бойынша сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоспағанда, кез келген төлемдерді белгілеуге және Қарыз алушыдан (Өтінімгерден) алуға;
  3. МҚҰ-на микрокредит сомасын мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтарған қарыз алушыдан микрокредитті мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) және басқа да төлемдерді талап етуге;
  4. Егер негізгі борышты немесе сыйақыны төлеу күні демалыс не мейрам күніне сай келсе, тұрақсыздық айыбын немесе басқа айыппұл санкцияларын өтеуді талап етуге құқылы емес, ал сыйақы немесе негізгі қарыз содан кейінгі келесі жұмыс күнінде төлену керек;
  5. Қарыз алушының келісімінсіз микрокредит беру туралы шарт бойынша құқығын (талабын) табыстау.

## §2. Өтінімгердің құқықтары мен міндеттері

53. Өтінімгердің міндеттері:
  1. Микрокредит беру бойынша шешім қабылдау үшін МҚҰ сұраған қажетті құжаттар мен мәліметтерді беру;
  2. Қазақстан Республикасының заңнамасы мен бекітілген Шарт талаптарына сәйкес өзге міндеттемелерді көтеру.
54. Өтінімгер, ақша қаражаттарын төлеу парағына сілтеме жасалған хабарламаның сақталуы мен құпиялылығы үшін барлық жауапкершілікті толық көтеретінін мойындайды және шартты орындауға байланысты барлық міндеттемелерді, соның ішінде аталмыш сілтемені қасақана немесе қасақана емес таратуына байланысты міндеттемелерді өзіне алады
55. Өтінімгердің құқықтары:
  1. Микрокредиттер беру туралы осы Қағидалармен танысу;

2. Микрокредиттер беру тәртібі мен талаптары туралы, оған қоса Микрокредит алуға, қызмет көрсету мен қайтаруға байланысты барлық төлемдер туралы толық және шынайы ақпарат алу;
3. Микрокредиттер беру туралы шартты бекітуден бас тарту.

### §3. Қарыз алушының құқықтары мен міндеттері

56. Қарыз алушының міндеттері:

1. Микрокредит беру туралы шартта белгіленген мерзімдерде және тәртіппен алынған Микрокредитті қайтару және ол бойынша сыйақыны төлеу;
2. Заңға сәйкес МҚҰ сұрататын құжаттар мен мәліметтерді беру;
3. Осы Шартта, Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында белгіленген өзге де талаптарды орындау.

57. Қарыз алушы:

1. микрокредиттер беру қағидаларымен, микроқаржы ұйымының микрокредиттер беру тарифтерімен танысу;
2. алған микрокредитке микрокредит беру туралы шартта белгіленген тәртіппен және талаптармен билік ету;
3. өз құқықтарын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қорғау;
4. Шарт бойынша берілген Микрокредит сомасын МҚҰ-на мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтару;
5. микрокредит беру туралы өзі жасасқан шарт бойынша құқық (талап ету) басқаға берілген жағдайда, Қазақстан Республикасының «Микроқаржы қызметі туралы» Заңының 9-1-бабы 4 және 5-тармақтарында көрсетілген тұлғамен келіспеушіліктерді реттеу үшін банк омбудсманьна жүгіну;

Қарыз алушының құқықтары мынадай мүмкіншіліктерді қарастырады:

6. Шарт бойынша қарыз алушының міндеттемені орындау мерзімін кешіктірген күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Қарыз берушіге жазбаша түрде өтініш беру. Өтініш Қарыз берушінің шартта көрсетілген ресми заңды мекенжайына пошта немесе курьерлік байланыс арқылы жіберілуі тиіс. Өтініште Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алу себептері туралы мәліметтер, сондай-ақ келісім-шарттың талаптарына төмендегі өзгерістерді енгізу туралы оның мәлідемесін негіздейтін табыстары және басқа да расталған жағдайлар (фактілер) туралы мәліметтер қамтылуы тиіс:
  - келісім-шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесін азайту немесе сыйақы мәнін өзгерту;
  - негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге шегеру;
  - берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезектілігін өзгерту, оның ішінде негізгі борышты өтеуге басымдылық беру;
  - шағын несие мерзімін өзгерту;
  - шағын несие бойынша мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіру, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) күшін жою;
  - тараптардың келісімі бойынша белгіленген мерзімде ипотека нысаны болып табылатын жылжымайтын мүлікті кепіл берушінің өздігімен сатуы;
  - кепілге салынған мүлікті ұйымға беру арқылы келісім-шарт бойынша міндеттемені орындаудан бас тартуды ұсыну;
  - ипотека нысаны болып табылатын жылжымайтын мүлікті келісім-шарт бойынша сатып алушыға міндеттемесін бере отырып, өткізу.
7. қарыз алушы Келісім-шарттың 6-тармағының 8-тармақшасында қарастырылған ұйымның шешімін алған күннен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде, немесе шарт талаптарын өзгерту туралы өзара келісімге келмеген кезде Қарыз берушіні хабардар ете отырып, уәкілетті органға жүгіне алады;

8. Қазақстан Республикасының заңнамасында және микрокредит беру туралы шартта белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

## 7-тарау. Берілетін шағын кредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақыны есептеу ережелері

58. ШҚҰ жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеуді жүзеге асырады:

1. Шағын кредит беру туралы шарт, Шағын кредит беру туралы шартқа қосымша келісімдер жасалған күнге;
2. Қарыз алушының ауызша немесе жазбаша талабы бойынша;
3. Шағын кредит беру туралы шартқа Қарыз алушының ақшалай міндеттемесінің сомасын (мөлшерін) және / немесе оны төлеу мерзімін өзгертетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда.

59. Қарыз алушының ақшалай міндеттемесінің сомасын (мөлшерін) және / немесе оны төлеу мерзімін өзгертетін өзгерістерге әкелетін Шағын кредит беру туралы шартының талаптары өзгерген жағдайда сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің нақтыландырылған мәнін есептеу талаптар өзгертетін күнгі Шағын кредитті өтеудің қалған мерзіміндегі берешек қалдығынан алынып есептеледі, бұл ретте Шағын кредит беру туралы шарт әрекетінің мерзімі басталғаннан бері Қарыз алушы жасаған Шағын кредит бойынша төлемдер ескерілмейді.

60. ШҚҰ берілген шағын кредит бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі келесі формуламен есептеледі:

$$\sum_{j=1}^n \frac{S_j}{(1 + APR)^{t_j/365}} = \sum_{i=1}^m \frac{P_i}{(1 + APR)^{t_i/365}}$$

мұндағы:

n – Қарыз алушыға соңғы төлемінің реттік нөмірі

j – Қарыз алушыға төлемінің реттік нөмірі;

S<sub>j</sub> – Қарыз алушыға сумма j-ші төлемнің сомасы;

APR – сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі;

t<sub>j</sub> – қарыз алушыға j-ші төлем сәтіне дейінгі шағын кредит берілген күннен басталатын уақыт кезеңі (күнмен);

m – Қарыз алушының соңғы төлемінің реттік нөмірі;

i – Қарыз алушының төлемінің реттік нөмірі;

P<sub>i</sub> – Қарыз алушының i-ші төлемнің сомасы;

t<sub>i</sub> – қарыз алушының i-ші төлем сәтіне дейінгі шағын кредит берілген күннен басталатын уақыт кезеңі (күнмен);

61. Егер жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептегенде алынған сан бір он таңбалы саннан артық болса, ол келесі тәртіпте ондық үлеске дейін дөңгелектеуге жатады:

1. егер жүздік бөлігі 5-тен артық болса немесе тең болса, ондық үлес 1-ге арттырылады, одан кейінгі барлық қалған таңбалар алынып тасталады;
2. егер жүздік үлес 5-тен аз болса, жүздік үлес өзгеріссіз қалады, одан кейінгі барлық қалған таңбалар алынып тасталады.

62. Шағын кредит бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеуге қарыз алушының барлық төлемдері кіреді, оған Шағын кредит беру туралы шартының негізгі қарыз және (немесе) сыйақы төлеу бойынша талаптарын сақтамауына байланысты туындаған төлемдер (айыппұлдар, өсімпұлдар) кірмейді.

## 8-тарау. Күпиялылық

63. Микрокредит алу туралы Өтініш берген кезде Өтінімгер МҚҰ-на өзінің дербес деректерін (МҚҰ одан алған ақпарат пен құжаттар) тексеру мен өңдеуге, атап айтқанда, оларды жинауға, тексеруге, жүйелендіруге, жинауға, сақтауға, нақтылауға (жаңартуға, өзгертуге), пайдалануға, иесіздендіруге, бұғаттауға, жоюға мерзімсіз рұқсат береді.

64. Шарт бекіту барысында Қарыз алушы өзінің дербес деректерін өңдеуге рұқсат береді.

65. МҚҰ өз қарауы бойынша және көрсетілген мерзімнен бұрын жою арқылы дербес деректерді өңдеуді тоқтатуға құқылы.

66. Дербес деректерді МҚҰ:

- Деректерді жинау мен өңдеу мақсаттарына қол жеткізу бойынша анықталған деректерді сақтау уықыты біткен;
- Сот шешімі заң күшіне енген жағдайда;
- Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген өзге жағдайларда жояды.

67. Қарыз алушы өзінің дербес деректерін жинау мен өңдеуге келісімін кері қайтару туралы жазбаша өтініш жіберген жағдайда, дербес деректерді жинау мен өңдеу тек Қарыз алушы Шарт бойынша барлық міндеттемелерін орындағаннан кейін ғана тоқтатылады.

68. Қарыз алушы микрокредит пен есептелген сыйақыны өтеу мерзімін бұзған жағдайда, МҚҰ борышты өтеу үшін, барлық қажетті ақпарат пен құжаттарды бере отырып, үшінші тұлғаларды, соның ішінде коллекторлық агенттікті тартуға құқылы.

## 9-тарау. Өзге ережелер

69. Осы Қағидалар МҚҰ ссуда портфелінің құрылымындағы, қаржы нәтижелеріндегі өзгерістерді, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының өзгерістерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының экономикалық жағдайы мен қаржы нарығының конъюнктурасындағы өзгерістерді ескере отырып, өзгеруі және толықтырылуы мүмкін.

70. Осы Қағидалар көздемеген басқа жағдайлар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес реттеледі.